

Тіс протездеуге көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімінің 2009 жылғы 15 қыркүйектегі N 34 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 26 қазанда N 13-8-110 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 25 ақпандағы N 4 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2010.02.25 N 4 Шешімімен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 37-бабына, «Ұлы Отан соғысы қатысушыларына, мүгедектеріне және оларға теңестірілген тұлғаларға жеңілдіктер және оларды қорғау туралы» 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына сәйкес а у д а н ә к і м і

Ш Е Ш Т І :

1. Келесі санаттағы азаматтарға тіс протездеуге әлеуметтік көмек (одан әрі ә л е у м е т т і к к ө м е к) :

Ұлы Отан соғысы қатысушыларына;
Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне;
жеңілдіктері және кепілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына
теңестірілген тұлғаларға;
жеңілдіктері және кепілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне
теңестірілген тұлғаларға көрсетілсін.

2. Әлеуметтік көмек анықталсын:
тіс протездеу бағасының мөлшерінде (асыл металдар және металлопластика, металлокерамика, металлоакрил протездерден басқа) тағайындалады;
осы шешімнің 1-тармағында көрсетілген тіс протездеуге мұқтаж Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының аумағында тұрақты тұратын тұлғаларға ұ с ы н ы л а д ы .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә.Ы. Б а й с ы н о в қ а ж ү к т е л с і н .

4. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Аудан әкімі

Қ. Пшенбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК